

АЙМАҚ АҚШАМЫ

№19 (132) ЖҰМА

6 маусым 2025

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

«АЛҒА ҰМТЫЛ! АРМАНДАУДАН ҚОРЫҚПА!»

ҚАЛА ӘКІМІ МҰРАТ БӨРІБАЕВ БАЛАЛАРДЫ КАБИНЕТІНДЕ ҚАБЫЛДАП, ОЛАРҒА ОСЫНДАЙ ТІЛЕГІН БІЛДІРДІ

Маусымның алғашқы күні әрбір баланың көңіліне қуаныш сыйлай келетіні анық. Балаларды қорғаудың Халықаралық күнінде билік те, қарапайым ата-аналар да, кейінгі кезде бизнес өкілдері де балаларға барынша сый – сияпат жасап, олардың есінде бұл күннің ұмытылмас жақсы әсер қалдыруы үшін барын салып бағады. Бұл өте құптарлық қадам. «Жақсылық жасап жарыс» демекші, жақсылықты балаға жасау тіпті, тамаша емес пе?


Биыл қалаға «Қазақмыс» тарапынан балалардың шағын демалыс алаңы сыйға тартылды. Шағын болса да бала біткенге шалқар қуаныш сыйлады.

Әрине, субұрқақтың кеңірек болғаны да дұрыс еді. Дегенмен, жоқтан жақсы дейік, барға қанағат болсын!

Бұрын – соңды қала әкімінің жекелеген өтініштеріне орай бірді – екілі баланы қабылдағаны болмаса, балалардың бір тобын кабинетінде қабылдап, олармен сөйлесіп, пікірлескенін біле қоймайды екем. Бұл жолы қала басшысы Мұрат Ерболатұлы балаларға төтенше сыйлық жасады. Ол балаларды кабинетінде қабылдады, олардың ой – армандары туралы әңгімелесті. Әкімнің креслосында отырып суретке түскісі келгендерге де ерік берілді. Емін – еркін жүздесу балалар үшін күтпеген жаңалық болды. Кездесу соңында қала әкімі әрбір балаға сыйлыққа өзінің тілексөзі жазылған блокнот тапсырды. Мұнда «Алға ұмтыл! Армандаудан қорықпа!» деп жазылған.

Армандаудан қорықпайтындар ғана алға ұмтылады. Алға ұмтылатындар ғана армандаудан қорықпайтын болады. Бүгінгі балаларымыз, ертеңгі болашағымыз нақ осындай ұрпақ болып өссін!

Абдолла ДАСТАНОВ



«НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ШАҒЫН ФЛОТ!»

2025 жылдың 1 маусымынан бастап Республикалық «Назар аударыңыз! ШАҒЫН ФЛОТ!» акциясы басталды. Ұлытау облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы «Флоттағы апаттың алдын алу жөніндегі 2025 жылға арналған іс-шаралар жоспарын орындау мақсатында» Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті төрағасының м.а. 2025 жылғы «22» қантардағы №9 бұйрығына сәйкес, 1 маусым мен 31 тамыз аралығында акция өткізілетінін хабарлайды. Шара мақсаты облыстағы су айдындарында апаттық жағдайлар мен экологиялық қауіп қатерді болдырмау, жазатайым оқиғалар мен адамдардың қаза болуына жол бермеу және шағын көлемді кемелерді қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету.

«ВНИМАНИЕ! МАЛОМЕРНЫЙ ФЛОТ!»

С 1 июня 2025 года стартует республиканская акция «ВНИМАНИЕ! МАЛОМЕРНЫЙ ФЛОТ!». Инспекция транспортного конроля по области Ұлытау сообщает, согласно Приказа и.о. председателя Комитета автомобильного транспорта и транспортного контроля Министерства транспорта Республики Казахстан за №9 от «22» января 2025 года, утвержден «План мероприятий по предупреждению аварийности на флоте на 2025 год» 1 июня по 31 августа проводится акция «ВНИМАНИЕ! МАЛОМЕРНЫЙ ФЛОТ!». Целью мероприятия является предотвращение аварийных ситуаций и угроз экологической безопасности на водоемах области, предотвращение несчастных случаев и гибели людей и обеспечение безопасной эксплуатации маломерных судов.

► АЙТАЙЫН ДЕП АЙТПАЙСЫҢ...

ТАЗАЛЫҚТЫ ҚАЛАЙМЫЗ БА ОСЫ БІЗ?!

Бірден айтайын, күмәнім басым. Айналамыздың таза, әдемі болғанын қалай қоймаймыз – ау. Бұлай дейтініміздің себебі көп. Мысалы...



Балалар күні мерекесінен кейін Сәтбаев қаласы әкімдігінің парақшасында «Мерекелік іс-шарадан кейінгі алаңның жағдайы көңіл қынжылтады...» деген арнайы жазба жарияланды. Қала орталығындағы жалғыз алаң ғой бұл. Сол алаң мерекелік іс –шарадан кейін пластик бөтелкелерге, пакет, тағам қалдықтары мен басқа да тұрмыстық қоқыстарға толып кеткен. Әрине, шашылған қоқыс жиналады. Бірақ, сөз қоқысты жинау емес шашу туралы ғой.

Осы жазбадағы «Мәдениетті елдің азаматы айналасына құрметпен қарайды. Қоғамдық орында қоқыс тастамау — ең қарапайым, бірақ, маңызды әдеп. Әрқайсымыз өзімізден бастасақ, қала да, табиғат та көркейеді» деген сөз дұп – дұрыс. Бірақ, соны күнделікті өмірде елеп – ескереміз бе? Егер ескертін болсақ, өзіміздің жүрген – тұрған жерімізді неғып қоқысқа толтырып кетеміз? Біздің санамыздың жеткен жері

қалаладығы тазалықты қамтамасыз етуге міндетті мекемелерді «қоқысты дер мезгілінде тасымайды, қала содан тазармай жатыр» деп сынау ғана секілді. Ал, сол қоқысты өзіміздің де онды – солды шашатынымызды есімізден шығарып аламыз.

Көршіміз Қызылорданың тазалығын аузымыздың суы құрып тұрып айтамыз. Сол тазалыққа олар қалай қол жеткізді? «Аюға намаз үйреткен – таяқ» демекші, тәртіп бұзғандарды «таяқтау», яғни, айыппұл салу арқылы үйретті. Олар камераға ілігіп, түсіп қалудан қорқады. Қоқыс лақтырмақ түгілі, көшені белгіленбеген тұсынан кесіп өтуден де қашқақтайды. Ал, біздің қаладағы камералардың аты бар да, заты жоқ көрінеді. Камералардың жұмыстары жөнделмей, өзіміз де жөнделме қоймаймыз-ау...

Абдолла НҰРТАУҰЛЫ.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Сәтбаев қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінде 3-45-23 сенім телефоны жұмыс істейді. Осы телефон арқылы қала тұрғындары аталған мекеме қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң нормаларын бұзғандығы туралы фактілерді хабарлауларына болады.

Жұмыс уақыты 9:00 – 18:30-ға дейін.

Email: maslihat. satpaev maslihat@mail.ru

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

ГУ «Аппарат Сатпаевского городского маслихата» сообщает, что в аппарате маслихата работает телефон доверия 3-45-23 с режимом работы с 9:00 до 18:30 часов, по которому жители города могут сообщить о фактах нарушения сотрудниками данного учреждения норм Кодекса чести государственных служащих, законодательства о государственной службе и борьбе с коррупцией.

Email: maslihat. satpaev maslihat@mail.ru

АРДАГЕРЛЕР ЕСІМДЕРІ – КӨШЕЛЕРГЕ

Биылғы Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған әскери шеру кезінде сөйлеген сөзінде ел Президенті Қасым –Жомарт Тоқаев «еліміздегі 500 көшеге соғыс ардагерлерінің есімдері беріледі» деген болатын. Бұл - олардың ерліктеріне деген бүгінгі ұрпақтың құрметінің белгісі.

Сәтбаев қаласында да атау-сыз тұйық көшелер мен атауы қайталанатын көшелерге 7 соғыс ардагерінің есімдері берілетін болды. Атап айтқанда: Шығыс - 1 тұйық көшесіне – Камит Жакенов, Шығыс - 2 тұйық көшесіне – Егізек Сердалинов, Шығыс - 3 тұйық көшесіне – Әбіш Исатаев, Шығыс - 4 тұйық көшесіне – Бірман Сүлейменов, Шығыс - 5 тұйық көшесіне – Қожа Қалиев, Болман Қожабаев атындағы көшеге – Абдухит Бекенеев, Әміре Қашаубаев атындағы көшеге – Еркебек Кенжебековтің есімдері беріледі. 2 маусым күні өткен тыңдау барысында бірауыздан осындай шешім қабылданды.

Бұл шара – ел тарихында ерекше орын алатын ардагерлердің есімдерін мәңгілікке есте қалдыру жолындағы маңызды қадамдардың бірі болып табылады.

Ай НҰР.



► МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

ҚЫЗМЕТ АЛУШЫНЫҢ БҰЗЫЛҒАН ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ұлытау облысы бойынша департаменті (бұдан әрі – Департамент) облыс көлемінде мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау жөніндегі уәкілетті орган болып табылғандықтан қызмет алушыларға сапалы қызмет көрсету, қолайлы жағдайлар жасау, қызмет көрсету процесстерін жетілдіру және қызмет алушылардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру бойынша жұмыстар Департамент қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады.

Осы орайда, Департаментке «EgovKzBot2.0» Telegram бот-платформасы арқылы мемлекеттік қызметті алушы ата-анадан Жезқазған қаласының білім бөлімінің №8 гимназиясына (бұдан әрі – Гимназия) қатысты «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметінің нәтижесі берілмеуіне қатысты шағымы түсті.

Ата-ананың шағымы бойынша Департаментпен сыртқы байқау жүргізіліп, мемлекеттік қызмет ұсыну барысында Гимназиямен мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі берілмегендігі анықталды.

Сонымен қатар, ата-ана бұған дейін де мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін Гимназияға жүгінген.

Дегенмен, Гимназия ата-анамен мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті

құжаттар тізбесі толық ұсынылғанына қарамастан, яғни №065/у және №052-2/у нысанды медициналық анықтамалары бола тұра, аталған құжаттардың «ұсынылмауы» себебімен негізсіз бас тартқан.

Департаменттің жедел ден қою шаралары нәтижесінде, қызмет алушының бұзылған құқықтары толықтай қалпына келтірілді, яғни білім алушы бірінші сыныпқа қабылданды.

Осы орайда, мемлекеттік қызмет алу барысында құқықтарыңыз бұзылған жағдайда Департаментке Жезқазған қаласы, Алаш алаңы 1 ғимаратындағы № 711 кабинетке немесе «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесі арқылы жүгінуге болатындығын назарларыңызға жеткіземіз (байланыс телефоны – 8/7102/733270).

Р. КИМ,

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ұлытау облысы бойынша департаменті басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.

► 4 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ

ЕЛДІГІМНІҢ НЫШАНЫСЫҢ, ЕЛТАҢБА!

Елтаңба авторлары ретінде Шот-Аман Уәлиханов пен Жандарбек Мәлібекұлының есімдері аталады. Неге? Өйткені, 1991 жылғы қазан айының басында Тоқтар Әубәкіров ғарышқа ұшатын кезде еліміз Егемендік туралы Декларация қабылдап, Тәуелсіздіктің табалдырығында тұрған еді. Одақтың күні бітуге тақалғаны әркімге де аян болатын. Сондықтан, қазақтың алғашқы ғарышкері ғарышқа Кеңестік емес ұлт Тәуелсіздігін айқындайтын Елтаңба алып ұшу керек деген тоқтамға келген биліктегілер мен зиялы қауымның өзара түсіністігі арқасында сәулет өнерінің білгірі Шот-Аман Уәлиханов келешек Қазақстанның Елтаңбасын жасап шығады. Тоқтар ағамыз сол Елтаңбаны ғарышқа апарып келген. Бұл Елтаңбаның қазіргі Елтаңбаға ұқсас тұстары көп. Сондықтан да, Елтаңбаға екі автордың есімдері де берілген тәрізді.

Ал, қазіргі Елтаңба авторы Жандарбек Мәлібекұлы 1942 жылы Қызылорда облысының Жаңақорған ауданында туған. Ол тағдыры өте ауыр адам. Төрт жасында анасынан, он бес жасында әкесінен айрылады. 1959 жылы мектеп бітірген соң, Ташкендегі П.Беньков атындағы көркемөнер училищесінің шәкіртақы, тамақ және жатақханамен қамтамасыз ететіні туралы оқып, әрі өзінің суретке, мүсінге икемдігі болғандықтан сол училищеге оқуға түскісі келеді. Бірақ, қаражат қыспағын тартады. Сөйтіп, ол әрқайсысы 1 сомнан 10 мың кірпіш құйып, сол қаражатпен оқуға бармақ болады. Дегенмен, мұның сәті түспейді. Өйткені, бұл кірпіш құйып жүргенде оқуға қабылдау мерзімі өтіп кетеді. Сөйтіп, қасындағы жігіттердің айтуымен Ташкент политехникалық институтының сәулет өнері факультетіне құжат тапсырады. Сәтін салғанда, институттың орыс тобына қабылданып кетеді. Институттың 3 курсына оқып жүргенде жазған еңбегі Өзбекстанда бірінші орынды жеңіп алады. Сондай – ақ, Кубада өткен Халықаралық байқауда да бірінші орынды иеленеді. Мұндай талант иесінен өзбек елі өлсе айрыла ма? Ж.Мәлібекұлы «Өзбекстанның мемлекеттік құрылысында» қатардағы қызметкерден жобаның бас сәулетшісі, Өзбекстанның өнеркәсіптік ғылыми-зерттеу институтының қала құрылысы шеберханасының жетекшісі қызметіне дейін көтеріліп, 40 жыл бойы бір мекемеде жұмыс істейді.

Өзбек жақсы білгенмен Ж.Мәлібекұлының есімі қазаққа соншалықты таныс емес еді. 1992 жылы Қазақстан жаңа мемлекеттік Рәміздерге байқау жариялағанда Жәкең бұл дүбірден шет қалғысы келмеді.

Бұл туралы ол өзінің сұхбаттарында былай дейді: - Ол кезде Самарқандағы халықаралық қордың Әмір Темір цитаделі жобасына жарияланған байқауға қатысып жатыр едім. «Лениншіл жас» газеті қолыма тиді. Онда Қазақстан рәміздеріне байқау жарияланғаны жазылыпты. Сол уақытта тарихи археологиялық кітаптарды оқып, терең ойдың жетегінде жүрген болатынымын. Содан барлық қосымша жобаларды жиып қойып, Елтаңбаның сызбасын сызуға кірістім. Оның идеясы бір ай ішін-

1991-дің 16 желтоқсанында ел Тәуелсіздігін жариялаған соң, жаңа мемлекеттік нышандарға байқау жарияланды. Жаңа Әнұран, Мемлекеттік Ту және Елтаңбаға қатысты көптеген ұсыныстар түсті. Айталық, жаңа Елтаңбаның 293 жобасы ұсынылған екен. Солардың ішінен қазіргі тәрізінде тұрған Елтаңба ұтып шықты. Бұл Елтаңбаның жобасын кім жасады және оның мән –мазмұны қандай? Осы сұрақтар төңірегінде ғаламтор материалдарын пайдалана отырып, аз-кем әңгіме қозғасақ.



де ойыма келді. Ақиқатында қасиетті Отаным, туған жеріме деген перзенттік парызым мені алға жетеледі. Сөйтіп өзге елдердің Елтаңбаларын қарадым, зерттедім. Біздің мөрімізде халқымыздың ата-бабалары – сақ, ғұн, түрік, қыпшақтан бастау алатын қанша мың жылдан аса тарихы мен мәдениетін көрсетуді көздедім. Осы мақсат миымның бір түкпірінен орын алып, шықпай қойғанда қазақтың күнделікті тұрмыста айтылатын «Шаңырағың биік, босағаң берік, керегең кең болсын!» дейтін тілектері санамда қайта жаңғырды. Осылайша мемлекетіміздің Елтаңбасында халқымыздың ең киелі ұғымы шаңырақты бейнелеуге белді бекем байладым. Өзбек мемлекеттік қала құрылысы мекемесіндегі негізгі жұмысыммен қатар байқаудың талаптарына сай Елтаңбаның макетін жасап, 1992 жылғы сәуір айының соңында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің кеңсесіне апарып тапсырдым.

Ташкенде жасалған жобаны Алматыға жеткізу де оңайға түспеген көрінеді. Өйткені, диаметрі 2 метр болатын Елтаңба жобасы ұшаққа да, пойызға да сыймайды. Сондықтан Шымкенттен жүк көлігін жалдауға тура келеді. Елтаңба жобасы Алматыға «КамАЗ» көлігіне артылып жеткізіледі. Жоба тиісті комиссияға 173- болып тіркеледі. Ал, барлығы 293 жоба түскенін ескерсек, Ж.Мәлібекұлының жобасынан соң да бірталай жобалар жасалып, тапсырылғаны байқалады.

1992 жылы 4 маусымда ҚР Жоғарғы Кеңесінде жобаларды талқылау белгіленеді. Талқылау Елтаңба жобаларын қарастырудан басталады. Сөйтіп,

таңертеңгі сағат 10-да басталған талқылаудан кейін, шамамен 17.00-де 293 жобаның ішінен 10 жоба іріктеліп алынды. Сол ондыққа енгендердің бірі қазіргі Елтаңба жобасы болатын. Бұл жобаға еліміздің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың да назары ауады. Ол кісі Күн мен Айды алып, орнына «Тәуелсіз мемлекетіміздің жұлдызы жарық болсын!» деген ниетімізді айғақтап тұрсын» -деп жұлдызды қоюды ұсынады. Осылайша, Ж.Мәлібекұлының жобасы жеңіп шығады. Сөйтіп, қазіргі Елтаңба қабылданады.

Енді Елтаңбаның мән – мағынасы, мазмұны жөнінде бірер сөз. «Ер қанаты – ат» дейтін қазақ үшін тұлпардың қаншалықты қасиетті, киелі екені белгілі. Ал Елтаңбадағы тұлпар – қажымас қайрат пен жасымас жігердің, тәуелсіздікке, еркіндікке ұмтылған құлшыныстың бейнесі. Қанатты тұлпар қазақ мифологиясы мен фольклорында кең тараған. Бұл – ұшқыр арманның, биікке самғаған жасампаздықтың, алға өрлеудің, талмас талап пен асыл мұраттың белгісі. Қанатты жылқылар «Есік» қорғанынан табылған, бұдан 2,5 мың жыл бұрынғы сақ ханзадасы – «Алтын адамның» бас киімінде бейнеленген. Ал мүйіз қайдан алынды? 1969 жылы Жамбыл облысындағы Билікөлдің оң жағалауынан үш мүйізді бас киім киген адамның тасқа қашалып жасалған бейнесі табылған. Түркі дүниесіндегі әпсаналар бойынша мүйіз – батырлық, байлық, ырыс, дәулет, өсіп-өнудің символы, сондай-ақ биліктің, көсемдік пен өжеттіктің көрінісі

- Мен Елтаңба жобасын жасағанда тарихқа терең мән бердім, бәрін де

тарихтан алдым. Бар ойым киіз үй пайда болғаннан бергі қазақтың болмыс-бітімін, терең тарихын, тегін көрсеткім келді. Ойымдағыны өнермен бейнелегенде бұл қарашаңырақты қоршаған, қазақ халқының өткені мен бүгінін, болашағын қанатына байлап, тұрақтылықтың таңбасындай ерге бекінген текті тұлпардың тұрпаты болып шықты. Елтаңбадағы тұлпардың мүйізінде 7 сақина бар. Бұл мүйізді бөліп тұрған жоқ, керісінше біріктіреді. Сол 7 сақина – тектіліктің таңбасы. Қазақ – 7 атасын білген, 7 атаға дейін қыз алыспаған текті халық. Этнографтардың айтуынша, осы игі дәстүрді ұстанатын өзге ұлт жер бетінде жоқ. Аттың алып қанаты астындағы кіші, ортаншы және үлкен қауырсындар – Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүзді білдіреді. Арасындағы «Белестер белгісі» – қожа, сунақ, төрелер. Олар руға жатпағанымен, қазақтардың қатарына қосылып кеткен. Ал енді осының бәрі барып, жылқыдағы жота іспеттес омыртқаға бірігеді. «Түбі бір қазақ» дегеннің мағынасы осы. Қошқар мүйізбен босағаның екі тұсындағы желбауды бекітіп қойдым, «Босағаң берік болсын!» деген осы - дейді автор.

Елтаңбаның алғашқы үлгісі пенопластан дайындалған. 1992 жылы 4 маусымда бекітілген жоба 5 жылдан соң, тарихи шешім кезінде қоладан құйылып, 32 килолық үлгіні жаңа астанамыз – Елордаға құрметті күзет сарбаздары жеткізді. 2004 жылы Елтаңба Астанада гипстен жасап шығарылды. Бірақ бұл үлгі технологиялық жағынан дамымаған еді. 2006 жылы Ж.Мәлібекұлы Елтаңбаның әрбір элементіне ғылыми атаулар берумен айналысып, ондағы әр бөлшектің өлшемдерін анықтап, тарихи сипаттамасын жазып, 41 атауға түсінік береді. Ал, 2007-2014 жылдары CorelDRAW бағдарламасы бойынша компьютерлік сызба өлшемдерін жасап шығады. Ал оның 3D модельдік өлшемдерін құрастыру екі жылға созылады. Сол уақыт аралығында Ж.Мәлібекұлының авторлық нұсқауымен электронды жүйесі қалыпқа сәйкес қайта жасалып, оның үлгілері гипстен, силиконнан әзірленеді.

2015 жылы автор Қазақстан мемлекеттік Стандарттау және метрология комитетінің мамандарымен, «Мекен KZ» компаниясының өндірістік ұжымымен бірге жаңа стандарт үлгісін жасап шығады. Сөйтіп, тұңғыш рет цифрлы компьютерлік жаңа технологияның нәтижесінде Мемлекеттік Елтаңбаға пропорциялық өлшемдердің автоматты өндірістік жасау тәсілі енгізіледі. Бұл орайда автордың да, Заңның да талаптары толық сақталғанын айрықша атап көрсету керек.

Жандарбек Мәлібекұлы өзі жасаған Елтаңбамен бірге туған жерге қайта оралды. Ол І-дәрежелі «Барыс», «Құрмет» ордендерімен марапатталды. Ең бастысы, Тәуелсіз мемлекетінің Елтаңбасының авторы атанды. Бұдан артық не керек?! «Мәңгілік бақыт» деген осындай-ақ болатын шығар?!

Абдолла НҰРТАУҰЛЫ.

► ТУҒАН ЖЕР – ТҰНҒАН ТАРИХ

Мұхтар БАҚЫТҰЛЫ,
тарихшы

Аймақтың географиялық орналасуы көршілес тайпалардың барлығымен туыстық қатынастың болуына ықпал етті, сондықтан генеологиялық дәстүрді, антропологияны, этнографияны зерттеушілер бүкіл түрік кигіз туырлы әлемінің биологиялық бірегейлігін бірауыздан мойындайды. Бір тіл, ортақ шаруашылық өмір салты, дала тіршілігінде қалыптасқан дәстүр осы дүниенің барлық халықтарын жақындастырады. Мұндай біртұтастық жоғарыда біз келтірген дереккөздерде көрініс тапқан. Жергілікті халықтың басым бөлігін құраған Бағаналы елінің Арғындар және Қыпшақтармен биологиялық жақындығы туралы «Оғызнама» секілді көне деректерге сүйене отырып, ортағасырлық және жаңа заманның дерекнамашыларының еңбектерінде жан-жақты көрініс табады, ал Абылғазының генеологиялық зерттеуі бүкіл Еуразия кеңістігін, тіпті Африканы мекендеген халықтардың биологиялық туыстық байланысы бар екенін түсіндіреді.

Андронов мәдениеті кезінде өмір сүрген үндіеуропалықтардың антропологиялық келбеті бірте-бірте моңғолоидтық пайдасына ауысады. Сонымен бірге Ұлы Даланы мекендеген көшпелілердің туысқан этногенезінің бірегейлігі тайпааралық және руаралық одақтардың қорытындыларына, сенімді саяси ынтымақтастық ретіндегі сәйкестік прерогативтеріне негізделген. Демек, қалыңдық пен күйеу жігіттің неке мәселесіндегі құқықтары екі ру мен қоғам арасындағы мыңжылдық одақ құру мағынасымен салыстырғанда түкке тұрғысыз болды. Осындай некелерден алынған ұрпақтар дала халықтарының туысқандық болмысының негізін құрады.

Әскердің рулық-тайпалық құрылымындағы нақты шекараларды патриархалдық принцип бойынша анықтайтын шежіреге қатысты мәселе басқа. Сондықтан зерттеушілер қазақтардың рулық-тайпалық туыстығы мен биологиялық бірлігінің терең тарихи тамырларын атап өтеді. Мысалы, 1929 жылы Н. А. Лоскутов қазақ тайпаларының бірте-бірте бірігуі мен үлкен этникалық одағының қалыптасуы бұдан 500—600 жыл бұрын болмағанын, одан да ертерек бұл процестің уақытша сегменті кем дегенде 1000 жылға созылғанын, әсіресе қазақтың Үйсін, Қаңлы, Қыпшақ сияқты кейбір ежелгі тайпалары ақыры этнос ретінде біздің эрамызға дейін қалыптасқан. Уақыт өте келе басқа этностар этнонимінен айырылып, тарихи аренаға басқа этникалық құраммен және өз халқының санын көбейтуге үлес қосқан атақты ата-бабаның басқа атымен шықты.

Ұлытау өңірінің автохтонды тұрғындары — солтүстігінде арғындар, батысында — қыпшақтар, шығысында — уақтармен қатар өмір сүрген Бағаналы, Балталы тайпалары. XVI — XVII ғасырлардағы мәліметтерге қарағанда, бағаналылар Атбасар мен Ырғыз өзені аймақтарын жайлаған. Өңгіме күзде және «мерген айында» қайта көше

ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ ХАЛҚЫНЫҢ РУ-

Ұлытау өңірі халқының тайпалық құрылымы мыңдаған жылдар бойы құралып, шежірелік жағынан бағаналы (қияттар), нируундар (Орда-Ежен отбасылық топтан шыққан Шыңғыз ұрпақтары), наймандар, арғындар, сондай-ақ уақтардан шыққан туысқан рулар мен тайпалардан құралған.



бастаған Ұлытау руларының жазғы жайлаулары туралы болып отыр. (П. Гавердовский, 2007). Сол мерзімде олар Батыс Сарыарқада, Сырдария жағасында, Қарақұм, Мойынқұм құмдарында және Шу өзенінің төменгі ағысындағы қыстауларына жеткен. Сондықтан жылдың әр мезгілінде алынған мәліметтер бір рулардың әртүрлі географиялық орналасуын қамтамасыз етті және Добын-баян заманынан біздің қарастырып отырған уақытқа дейін Бағаналылардың көшпелі жолдары өзгерген емес.

Ұлытау руларының тұрғылықты жеріндегі кейбір өзгерістер жоңғар шапқыншылығы кезінде орын алып, жекелеген рулардың көшпелілерінің таралуындағы болмашы өзгерістерді уақытша Кенесары жүзеге асырды. Орыс географы, тарихшы және өлкетанушы П. И. Рычков жоңғар агрессиясы кезінде Бағаналы шаруашылықтары батысқа қарай Орынбор бөліміне көшіп, жоңғар иеліктерінің шекарасы Сарысу өзеніне дейін жеткенін жазады. Сонымен бірге, Г. Г. Герасимов Алаш қан кесенесіндегі терркоталық тақталардың тағдырына тоқталып, тақталарды жоңғарлар жұлып алып әкеткенін алға тартады. Бұл ақпарат жоңғарлардың Қара-Кеңгір өзенінің жағасына дейін жеткенін аңғартады. Ресей елшісі, татар М. Тевкелев 1732 жылы Тобыл маңында наймандардың 16 руы көшіп жүргенін, олардың ара-

сында Ақнайман, Бура, Болатшы, Қаракерей, Терістаңбалы, Төртуыл, Көкжарлы, Ергенекті, Семизнайман, Бағаналы, Садырлы болғанын жазады. Бұл дерек шығыс өр-наймандары мен ұлытаулық ой-наймандардың жазда Тобыл жағасында кездесіп, осы көшу бағыты 1822 жылғы «Жарғы» бойынша сыртқы округтер ашылғанға дейін сақталғанын көрсетеді.

Көшпелілік Ұлытау өңірі қоғамын экономиканы индустрияландыру мен қайғылы кеңестендіруден бұрын рулардың шаруашылық өмірінің негізгі түрі болып қала берді. Өңір тұрғындарының негізгі материалдық байлығы «төрт түлік» үй жануарлары мен жылқы болды, бірақ сонымен бірге бұл елге әртүрлі қолөнер мен егіншілік те жат емес еді.

Дереккөздер бір ауыздан бағаналылардың меридиандық бағыттағы көшпелі жолдар бойымен жүріп-тұрғанын және жылдық өлшемде бір бағытта 1000 км-ге дейінгі қашықтықты жүріп өткенін көрсетеді. Жаңа маусымдық жайылымдардағы мұндай ұзақ көш малға қолайлы температуралық жағдай туғызған. Жыл бойы аяқ астындағы шөппен қоректену малға тез салмақ қосуға және өсуге мүмкіндік берді. 1902 жылғы «Материалдарында» Атбасар жәрмеңкесіндегі бағаналылардың қойлары басқа тектегі қойлардан екі есе қымбатқа сатылғанын жазылады. Бұған Ұлытау өңірінің оңтүстік бөлігіндегі

жылы құмдарда қыстап, Есіл өңірінің салқын, суы мол, шалғынды жайылымды жерлерінде жазғы мал жаю ықпал етті. Мұндай жағдайда мал солтүстікте қыстап қалған басқа рулардың малымен салыстырғанда тез салмақ қосып отырды. Олардың малдары тебінуге көбірек күш жұмсап, соның кесірінен көп салмақ жоғалтқан.

Я. П. Гавердовский XVIII — XIX ғасырлар тоғысындағы Ұлытаудың рулық құрылымы туралы жазғанда, өңірде Бағаналы тайпасының 13 руы, Балталы тайпасының 4 руы және Арғын тайпасының Төртуыл руы мекен етті. Ол туралы «ХІХ ғасырдағы Ұлытау туралы» атты мақаламызда кеңірек жазғанбыз. Дәл осы ақпаратты сөзбе-сөз Орынбор әскери губернаторы Г. С. Волконский Ресей үкіметінің Сауда министрі Н. П. Румянцевке береді.

1820 жылы «Сибирский вестникте» жарияланған «Орынбор ведомствосының Қырғыз-қайсақ жерлері» деген кестеде «Найманның бір бөлігі жазда Есілдің жоғарғы ағысында, қыста Торғай өзенінің жағасында, Ақкөл көлі, Жыланшық өзені алабында, ал екінші бөлігі жазда Есіл мен Торғай жағалауын, Ұлытау мен Кішітаудың етектерінде, Мұрынтараға, Сандыққысқан сайларында, қыста Қараөзек өзенінің жағасында, Қуандария өзенінің бойындағы Ақсабел кендігінде жатқан Қарабадал-Қармақшы зиратының маңында көшіп жүреді» делінген.

ҰЛЫТАУ ӨҢІРІ ТАЙПАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

1839 жылғы мәліметтер бойынша, Кенесары қозғалысының Ресейдің жазалаушы әскерлеріне қарсы далада қиян-кескі күресі жүріп жатқанда, бағаналылар Көкшетау округі қазақтарының қатарына жатқызылған. 1859 жылы Атбасар округі құрылғанға дейін олар «Төрт Босаға» деп аталатын төрт болыстан құралды. Босаға киелі Ергенеконға кіретін қақпаның символы ретінде ғасырлар қойнауынан бүгінгі күнге дейінгі тарихи ақпаратты жеткізу мүмкіндігін сақтап қалған және ғасырлар бойғы оқиғалардың қисынын білген адам бағаналылар мен нируундардың генетикалық коды болып табылатын Ергенекон мен «Төрт Босаға» бірлестігінің арасындағы тікелей байланысты түсінеді. 1820 жылдардағы «Жарғы» қабылданып, Кенесары қозғалысы басылғаннан кейін шыңғызшылдықтың бүкіл далаға таралуы тоқтаған кезде Қадыр, Шегір, Бабыр және Сандыбай билер бастаған «Төрт босаға» бірігуі Ұлытау өңірінде дәстүрлі саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени негіздерді сақтап қалу әрекеті болды.

Ұлытау рулары туралы толық ақпаратты 1868 жылы Красовскийдің редакциясымен Санкт-Петербургте жарияланған «Материалдардан» аламыз. Сонау 1860 жылы Бас штаб офицерлері дайындаған бұл кітаптың 16-томында Атбасар уезінің рулары туралы біршама көлемді мәліметтер берілген. Тағы бір айта кететін жайт, офицерлер жазып алған деректердің дұрыстығына сенімді баға бере алмаймыз, өйткені жергілікті тұрғындардың сауалнамасы кезінде жіберілген статистикалық салдары туралы алаңдаушылық туындады. Бір жағынан, малдың көп болуы шығу салығының ұлғаюына немесе әртүрлі мақсаттарға жаңа алымдардың енгізілуіне әкелуі мүмкін еді. Екінші жағынан, кейбір рулар мал санының артуы жаңа жер реформалары кезінде қыстауларды бөлу кезінде қосымша жайылымдық жерлерді алуға мүмкіндік береді деп үміттенді.

Дегенмен, «Материалдардың» 16-томының 1-бөлімінде 365-бетте Ұлытау руларының көшпелі жолы туралы ақпарат аламыз. Бұл деректерге қарағанда, XIX ғасырдың ортасында Бағаналы елі мынадай төрт болыстан құралған: 1) Қызылтаз-Қоқан-Жырық-Байназар; 2) Қарабала-Төртқара-Сарғалдақ; 3) Ибескі-Жұртшы; 4) Сейт (Мамай, Бабас, Ақтаз, Бадана).

Бірінші болыс бес ауылдан біріккен, онда 1145 ер адам және 1169 әйел адам тұратын, 481 үрге болды. Негізгі қыстаулары Арғанаты тауларының түстік сілемдерінде, Қара-Кеңгір өзенінің оң жақ салаларының төменгі ағысында, Қайрақты және Құр-Қарағанды өзендерінде орналас-ты. Бұл болыстың рулары Жансейіт пен Алаш қан кесенелері, Басқағын және Керегетау таулары маңындағы,



сондай-ақ Сары-Кеңгір өзенінің бойындағы аумақты ерекше тығыз қоныстанған. Болыстың қалған рулары Сарысу өзенінің төменгі ағысының сол жағалауында, ал оң жағалауында Басорта және Аяққасуың тауларының етегінде, төменде өзеннің сол жағалауында орналасқан Батырбек, Қатындық және Қалдыбай кесенелерінің жанында қыстаған. Болыс руларының шағын бөлігі Блеуті өзенінің шығыс бөлігінде және Ұлытау тауларында қыстаса, тағы бір бөлігі Тама руымен бірге Бетпақ далада, атап айтқанда Мойынқұм мен Жетіқоңыр құмындарында қыстаған. Қыстаулардың осындай бытыраңқы жағдайына қарамастан, болыстың ауылдары толығымен Қара-Кеңгір, Қызылсу, Қоңырсу өзендерінің аңғарларымен Сасықкөлден өтіп, Есіл жағасына жетіп, жазын қарашаның аяздарына дейін өткізген.

Екінші Сарғалдақтың болысы — Қарабала (Бекболат, Жауғашты және Бадық топтарымен), Ырсай, Төртқара, Жабай және Шалтеке бес тармағынан құралды. Болыс 878 үргесі бар 8 ауылды біріктірді, онда 1783 ер адам және 1826 әйел адам тұрды. Болыстың қыстаулары Қара-Кеңгір, Сары-Кеңгір бойында және оларға іргелес Ешкі-өлмес, Ортақағыл, Ұшпа, Керегетасу тауларының ойпаңдарында, сондай-ақ Жыланды өзені мен Сарысу өзенінің бойында екі — Бас және Орта қосын алып жатты. Жазда Байназарлармен бірге болыс Есіл өзеніне дейін көшкен.

Тайболат, Майгелді, Көбес, Жұртшы және Жанғабыл бес рулы Ибескі болысының құрамында 542 үрге бар бес ауыл болды, онда 1285 ер адам, 1369

әйел тұратын. Болыстың қыстаулары Қара-Кеңгір, Сары-Кеңгір өзендерінің жағасында, олардың арасындағы тауларда орналасты. Болыстың басқа ауылдары Керитамда, Сарысудың орта ағысының бойындағы бірнеше жерде, Жезді-Кеңгір өзенінің бүкіл жағасында, Блеуті, Қумола, Дүйсембай өзендерінің бойында, сондай-ақ Жетіқыз өзенінде шоғырланған. Болыстың ауылдары да басқалар сияқты жазды Есілдің сол жағалауымен, Атбасардан оңтүстікке қарай өткізген.

Төрт Мамай-Құтан, Бабас, Ақтаз және Бадана рулары бар төртінші Сейіт болысы 563 үргеде 1014 ер адам және 1252 әйел тұратын төрт ауылдан тұрды. Болыс Үлкен Жезді өзенінің жоғарғы ағысының оң жағалауында, сондай-ақ Қара-Кеңгір өзенінің жоғарғы ағысындағы шағын бөлігі Қағыл тауларында қыстады. Болыстың негізгі халқы Кішітау тауларында Телікөл көліне дейін қыстаған. Жазда ол барлық басқа болыстармен бірге Есіл өзеніне дейін жеткен, бірақ 1822 жылғы «Жарғы» қабылданғаннан кейін бағаналылықтар бұдан былай оң жағалауға өтпей, сол жағалауда, Атбасардан түстікке және Теңіз тұзды көлі мен тұщы Қорғалжын көлінен батысқа қарай орналасты.

XIX-XX ғасырлар тоғысында өмір сүрген Ұлытау елі туралы Федор Щербина дайындаған «Қырғыз жерді пайдалану бойынша материалдарда» егжей-тегжейлі сипатталған. Бұл еңбектің 2-томы Л. К. Чермактың Ақмола облысы Атбасар уездіне ұйымдас-тырылған экспедициясы жұмысының нәтижелеріне арналған. Кітапта Ресей империясы тарихындағы 1897 жылғы бірінші халық санағы аясында

жұмыс істеген экспедиция жұмысының нәтижелері көрсетілген.

Уезд ауылдары туралы ақпарат жинау халық санағы бойынша статистикалық мәліметтерді қалыптастыру және орыс шаруаларының қоныстануы үшін артық құнарлы жерлерді анықтау мақсатын көздеді. Сөйтіп, XIX ғасырдың 90-жылдарының өзінде-ақ ресей тарапынан қазақ жеріне шаруаларды жаппай көшіруге қызу дайындық жүріп жатты.

1902 жылғы «Материалдардың» II томында рулар мен ауылдар туралы, олардың саны, пайдаланылатын жер көлемі, қыстаулардың шабындық мүмкіндіктері туралы толық және жан-жақты мәліметтер беріліп, рулық-тайпалық құрылымдардың арақатынасы, саяси өмірдің ерекшеліктері, шаруашылық жүргізуші субъектілердің сипаты, рулардың генеологиясы беріледі.

Экспедиция бұл мәліметтердің барлығын 1897 жылдың жаз айларында теріскейден келіп, Ұлытау таулары мен Қара-Кеңгір және Сары-Кеңгір өзендерінің сағасына дейін жеткен. Бұл кезде Атбасар уезінің түстік бөлігінің рулары Есіл өзенінің жағасында орналасқан жайлуларына осы жерлерден өтіп, Чермак экспедициясының мүшелері хабардар ақсақалдардан сауалнама жүргізіп, жан-жақты мәліметтер жинады.

Экспедиция қорытындысы бойынша уездің жалпы ауданы белгіленді. Ол теріскейден түстікке қарай ұзындығы 800 верстке (1 верст — 1066,8 метр) дейін, ал батыстан шығысқа қарай — 200 верст жерді алып жатты.

(Жалғасы бар)

БАЛА ӨМІРІНЕ БАРЛЫҚ АТА-АНАЛАР ЖАУАПТЫ!

Көптеген ата-аналар терезелердің ашық қалуы баланың терезеден құлап түрлі деңгейдегі дене жарақаттарын алуына немесе баланың мерт болуына әкеліп соғатындығына аса назар аудармайды. Ұлытау облысы төтенше жағдайлар департаменті, балалардың ашық қалған терезелерден құлау оқиғаларынан қорғау мақсатында келесі іс-шаралар қағидаларын сақтауды ұсынады.

- пәтердегі терезелерді ашып бөлмені желдету кезінде баланы үнемі бақылауда ұстаңыз.

- барлық жиһаздарды, соның ішінде кереуеттерді терезелерден алыстатыңыз. баланың терезеге кездейсоқ шығуына жол бермеңіз.

- ешқашан балаларға масаларға қарсы торларды қолданғанда қосымша сақтандыру жабдықтарын орнатыңыз, себебі балалар торларға сүйенеді және масаларға қарсы торлармен бірге терезеден құлау жағдайлары орын алуы мүмкін!

- бала өздігінен терезені ашпау үшін бұғаттағышарды орнатыңыз!

- мүмкіндігінше терезелерді төменнен емес, жоғарыдан ашыңыз.

- балаға терезенің айқара ашылуына мүмкіндік бермейтін арнайы бекіткіштер орнатыңыз.

- терезеге қорғау торларын қойыңыз. Торлар балалардың ашық терезелерден құлауынан қорғайды.

- егер сізде дәл қазіргі уақытта бекіту және сақтандыру жабдықтарын орнату



мүмкіндігі болмаса, сіз жай ғана терезелердің тұтқаларын алып қойғаныңыз жөн, қажет болған жағдайда орнатып аласыз.

Ұлытау облысы Төтенше жағдайлар департаменті төтенше жағдайларды алдын алу басқармасы

ВСЕ РОДИТЕЛИ НЕСУТ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА ЖИЗНЬ РЕБЕНКА!

Многие родители не обращают особого внимания на то, что открытое и оставленное без контроля окно может быть опасным для ребенка. В целях защиты и предотвращению падений детей из открытых окон Департамент по чрезвычайным ситуациям области Ұлытау рекомендует соблюдать следующие правила:

- открывая окна в квартире и проветривая помещение, убедитесь, что ребенок при этом находится под присмотром.

- отодвиньте всю мебель, включая кровати, от окон. Это поможет предотвратить случайное попадание малыша на подоконник.

- никогда не используйте анти москитные сетки — дети опираются на них и выпадают вместе с ними наружу!

- установите на окна блокираторы, чтобы ребенок не мог самостоятельно открыть окно!

- по возможности, открывайте окна сверху, а не снизу.

- ставьте на окна специальные фиксаторы, которые не позволя-

ют ребёнку открыть окно более чем на несколько дюймов.

- защитите окна, вставив оконные решетки. Решётки защитят детей от падения из открытых окон.

- если у вас нет возможности прямо сейчас установить фиксирующие и страховое оборудование, вы легко можете просто открутить отверткой болты, крепящие рукояткой убрать их по выше, используя по мере необходимости и сразу внимая после использования

Департамент по чрезвычайным ситуациям управление предупреждения чрезвычайных ситуаций области Ұлытау

КАКИЕ ПРИВИЛЕГИИ И ЛЬГОТЫ ИМЕЮТ ВОЕННОСЛУЖАЩИЕ В КАЗАХСТАНЕ?

Сегодня все больше молодых людей выбирают службу в армии. Некоторые руководствуются личным желанием защищать Родину, другие – привилегиями, которые имеют военнослужащие и прошедшие службу.

Кредитные каникулы

Прежде всего, каждый казахстанский срочник может рассчитывать на «кредитные каникулы», которые предполагают заморозку по ежемесячным платежам от банков и микрокредитных организаций. Причем отсрочка военнослужащим предоставляется на период, включающий срок прохождения срочной воинской службы и 60 дней после его окончания без начисления вознаграждения по займу или микрокредиту.

Если раньше имеющие кредиты призывники должны были подавать заявления, указывая все детали займа, то сейчас на призывных пунктах автоматически собирается информация о наличии кредитов и займов у будущих защитников Отечества. Приказ о призыве граждан на срочную воинскую службу сразу передается в Сервисы Государственного кредитного бюро и Первого кредитного бюро. Агентство Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка автоматически уведомляет кредиторов о необходимости предоставить призывнику отсрочку платежей.

Пока молодой человек несет воинскую службу, кредиторы не имеют права взыскивать задолженность и подавать на человека в суд.

Обучение в вузах бесплатно

Прошедшие срочную воинскую службу могут поступить в университет без экзаменов и ЕНТ и даже получить грант на обучение. Правда, рассчитывать на такие льготы может лишь тот, кто проходит срочную службу по призывному возрасту до 27 лет. Контрактники не имеют такой возможности.

При этом грант и бесплатное обучение может получить тот, кто отличился и показал высокие достижения во время службы. Оценки в аттестате не учитываются. Все успехи военнослужащих хранятся на цифровой платформе «Срочники 2.0», доступной на сайте Министерства обороны.

Не имеющие высоких достижений военнослужащие могут также поступить в вузы без ЕНТ и экзаменов, но обучаться уже на платной основе. Таким правом они могут воспользоваться в течение двух лет после увольнения.

Подобное нововведение инициировало Министерство обороны, к нему присоединились уже более 70 вузов. Европейские вузы также участвуют в программах поддержки казахстанских срочников.

Желающий поступить после службы в вуз солдат может подать документы в три высших учебных заведения. Конкурсные места распределяет специаль-

ная комиссия раз в полгода.

Кстати, преимущество при поступлении именно в военные учреждения остается за детьми военнослужащих.

Трудоустройство

По окончании службы в регионах страны помогают с трудоустройством отслужившей молодежи. Примером может стать Акмолинская область, где по инициативе депутата областного маслихата Умара Шоназарова с прошлого года молодежно-ресурсным центром начата реализация проекта «Елге қызмет – абыройлыміндет».

Проект направлен на трудоустройство молодежи, прошедшей воинской службу, с учетом имеющихся навыков и знаний. В рамках него в регионе были заключены меморандумы с 6 организациями, проведены круглые столы и ярмарки вакансий. Чаще всего молодежь, имеющая за плечами опыт службы, в Акмолинской области трудоустраивается в органы полиции, на контрактную службу, Службу государственной охраны, Пограничную службу Комитета национальной безопасности, департамент уголовно-исполнительной системы и ДЧС.

Льготы для военнослужащих

На сайте gov.kz есть инструкция по тому, какие льготы положены военнослужащим и что нужно, чтобы их получить.


Первый и самый важный вопрос для военнослужащего – жилье. Если военнослужащий (здесь мы не берем

в расчет солдат срочной службы, а также курсантов) не имеет жилья, то ему предоставляется служебная квартира или же осуществляется перечисление жилищных выплат, на которые он может снять себе жилье. К слову, с февраля 2024 года услугу по найму жилья для военных перевели в онлайн-формат.

Кроме того, военнослужащие и члены их семей, а также уволенные с военной службы по возрасту или состоянию здоровья, получают бесплатное медицинское обслуживание. Если рядом нет военно-медицинских учреждений, военнослужащие вправе обратиться в другие медучреждения в рамках гарантированной медицинской помощи. А если у военнослужащих есть ранения, контузии или травмы, то они имеют также право на санаторно-курортное лечение.

Денежное довольствие военнослужащих включает в себя должностной оклад и оклад по воинскому званию, а также надбавки за особые условия прохождения службы и другие доплаты, предусмотренные законодательством. Если военнослужащих (опять-таки не призывников!) переводят на новое место службы, удаленность которого более 100 километров, то им выплачивается подъемное пособие в размере двухмесячного денежного содержания на самого военнослужащего и половины месячного денежного содержания на каждого члена семьи.

Отдел по делам обороны города Сатпаева области Ұлытау



РЫБЫ. Вам стоит позволить себе роскошь выбора — не принимайте решения из чувства долга. Эта неделя предлагает вам шанс выйти из замкнутого круга. В делах — новое предложение, которое стоит рассмотреть. В выходные будьте внимательны к подсказкам судьбы — вам может присниться вещий сон или интуиция подскажет нужный путь.

Теща решила проверить кто из зятей ее больше любит: прыгнула в колодец и кричит: «Спасите, тону!». Старший зять подбежал и вытащил ее, на утро просыпается стоит волга – подарок от тещи. Средний зять тоже самое только подарок – мотоцикл. Пришла очередь младшего зятя, теща начала тонуть. Младший зять подбегает и про себя думает: «Старшему она волгу подарила, среднему – мотоцикл, а мне что самокат?!» Взял да утопил ее, на утро просыпается, смотрит мерседес – подарок тестя младшему зятю.

► ТУҒАН ТІЛІҢ – ҚЫДЫРЫҢ

АНА ТІЛІ - РУХАНИ МҰРА

Тіл – халықтың бірегей асыл қазынасы, ұлттың ұлылығын көрсететін рухани мұрасы. Ана тіліміз ғасырдан - ғасырға жалғасып келе жатқан, әлемдегі ең бай, өте көркем, ең сұлу.

Тіл – Ұлттың жаны, күш-қуаты, арнамысы, Қазақстанның болашағы- тек қазақ тілінде. Өйткені, қазақ тілі біздің мемлекетіміздің бірден бір мемлекеттік тілі болып табылады.

Дүниеде бәрінен қымбат, бәрінен қадірлі - ана тілі. «Ана тілі – халық боп жасағаннан бері жан дүниеміздің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі» – деп, Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, ұлттың келбеті – тіл, оның бәйтеректей жайқалып өсіп – өнуі халқына байланысты.

«Бабаларымыз «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл» деп айтқан. Шын мәнінде, жастар неше тіл білсе, алдынан сонша елдің есігі айқара ашылады. Бұл туған еліңнің мүддесіне қызмет ету үшін қажет. Дегенмен, ең алдымен, жастарымыз ана тілін – қазақ тілін терең білуі керек». Бұл ел Президенті Қасым – Жомарт Тоқаевтың сөзі. Ал, енді осыдан артық қалай айтуға бо-

лады? Қай жерде, қай ортада болсын ана тіліміз бірінші орында болуы шарт және оны үздіксіз ұлықтауымыз қажет.

Анаңның ақ сүтімен өне бойыңа дарыған тіліңді шұбарламай тұнығын ластамай сөйлеу өзімізге тікелей байланысты. Ең мықты адам – туған тілін құрметтеген адам деген сөз бар. Мәңгі жадымызда сақтайтын бір дүние бар ол тіл мәселесіне келгенде аса мұқият болған жөн. Оны саяси ойынға айналдыруға мүлдем болмайды. Тіл өте нәзік. Оны аяламасаң теріс түсініктер пайда болып, басқа елдердегідей қасіретке алып келуі де әбден ықтимал.

Қадыр ақын айтқандай, өз тілімізді құрметтеп, өзге тілдерді білудің еш артықтығы жоқ.

Ізтөлеу ТҮСІПОВ,
ҚР Журналистер
Одағының мүшесі.

► ЖАСТАР – ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ

ҰЛЫТАУЛЫҚ ҮШ СТУДЕНТ – «ҮЗДІК 100 СТУДЕНТ» ҚАТАРЫНДА

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы №1134 қаулысымен бекітілген «Жұмысшы мамандықтар жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарының» 61-тармағына сәйкес, «Талар» коммерциялық емес акционерлік қоғамының ұйымдастыруымен «Қазақстан Республикасы колледждерінің үздік 100 студенті» республикалық конкурсы өткізілді.

Аталған конкурсқа облыс колледждерінен 26 үздік студент қатысып, оның ішінен 10 студент республикалық кезеңге жолдама алды. Нәтижесінде, үш ұлытаулық жас жеңімпаз атанып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевпен кездесіп, Астана қаласында салтанатты түрде марапатталды.

Олар – Жезқазған гуманитарлық колледжінің 4 курс студенті Ақидар Бейсен, Жезқазған индустриалдық-гуманитарлық колледжінің 4 курс студенті Еркеназ Алтау және Жезқазған Бизнес және көлік колледжінің 4 курс студенті Нұрболған Мерхан.

Ұлытау облысының үш мақтанышы – еңбекқорлық пен табандылықтың жарқын үлгісі. Біз оларды мақтан тұтамыз және олардың кәсіби жолында табыс тілейміз!

(Өз тілшіміз)



► ҰСТАЗЫМ МЕНІҢ, ҰСТАЗЫМ..

«ҰСТАЗ – ҰРПАҚ ШАМШЫРАҒЫ»

Жұмағали Құлманов. Бұл есім Қаныш қаласының білім саласына ғана емес, жалпы жұртшылдығына кеңінен танымал. Өз мамандығының білгірі, ұлағатты ұстаз.



Жуырда №27 – мектепте тамаша салтанат болып өтті. Бұл – бір сабақ 45 минуттан тұрады десек, 45 жыл ұстаздық еткен Жұмағали Құлманов атындағы кабинеттің ашылуы еді. Кім ойлап тапса да кабинеттің «Ұстаз – ұрпақ шамшырағы» деген атауының өзі қандай?! Шынында да, Ж. Құлманов – тарих пәнінің мұғалімі ғана емес, өмірдің мәнін, елге қызмет етудің үлгісін үйреткен тұлға. Ол қаламыздағы көп жылғы жемісті педагогтық еңбегі үшін Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгі иегері атанған санаулы ұстаздардың бірі.

- Бұл кабинет – ұстаздың еңбегіне

деген тағзым ғана емес, келешек ұрпаққа қалдырылған рухани мұра. Бұл жер – білім мен өнегенің, тәрбие мен тарихтың тоғысқан киелі орны болмақ.

Жұмағали Құлманов кабинетін ашу идеясы ол кісінің мұрағатқа құжаттарын өткізген сәтінде пайда болған еді. Ал, кабинетті жасақтау ісінде ағайдың шәкірттері, мектебіміздің 2005-жылғы түлектері белсенділік танытты. Осының өзінен-ақ, ұстаздың шәкірттер жүрегінде қандай орын алғанын аңғару қиын емес – дейді мектеп басшысы Әсем Алпысова.

Ай НҰР.

ҮЗДІК 100-ДІҢ ЕКЕУІ

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың шешімімен Жезқазған қаласының №26 мектеп-гимназиясы, Сәтбаев қаласының Сәкен Сейфуллин атындағы гимназия мен Бауыржан Момышұлы атындағы мектеп-гимназиялары еліміздегі «Үздік 100 мектеп» қатарына еніп, «Үздік мектеп – 2025» мәртебесіне ие болды.

Бұл марапат – аталған білім беру ұйымдарының жүйелі жұмыс жүргізуінің, білім беру сапасын арттыруға бағытталған жаңашыл бастамалары мен заманауи әдістерді тиімді енгізуінің нәтижесі. Ұжымның кәсіби шеберлігі мен оқушылардың оқу жетістіктері, тәрбиелік бағыттағы жобалардың мазмұндылығы бұл табысқа тікелей әсер еткен негізгі факторлар болып табылады.

«Үздік мектеп – 2025» атағы – білім беру сапасына қойылатын жоғары талаптардың орындалуын, оқу үдерісінің инновациялық тәсілдермен ұйымдастырылуын және мектептердің даму стратегиясының нақты нәтижелерге жетіп отырғанын көрсетеді.

Бұл жетістік – қаламыздың білім беру саласындағы маңызды оқиға болып саналады.

А.НҰРТАУҰЛЫ



Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық, ақпараттық-жарнамалық газет

АЙМАҚ АҚШАМЫ

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген, 2021 жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»

Бас редактор: Абдолла ДАСТАНОВ

Тираж 520 Заказ 953

Газет «ASU» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды. Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.

Редакцияның мекенжайы: Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Құсайынов көшесі, 8
E-mail: abdolla61@mail.ru

Индекс – 64799

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты.

Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына оларды берушілер жауапты.

Мақала авторларының көзқарасы редакция ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.